

## ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ ТАБИҒАТЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАЛАР

Кусбеков Думан Кәрібекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, философия кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан

Заманауи философиялық дискурста таным мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл таным теориясының тек ғылыми негізі ғана емес, сондай-ақ қазіргі өркениет дамуының когнитивтік дағдарысын түсіндіру құралы ретінде де өзектілігін арттырып отыр. Ғылым, адамзат тарихындағы ең ірі жетістіктердің бірі ретінде тек табиғи және әлеуметтік ортаға ықпал етіп қана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің ішкі қарама-қайшылықтарын да айқын көрсете бастады. Технологиялық прогресс таным процесіне мүлдем жаңа талаптар қойып отыр. Қоғамның қарқынды әрі үдемелі дамуы дүниені тану, түсіну және түйсіну тәсілдерін ғана емес, сол процестің мәні мен сапасын да қайта қарастыруды қажет етеді. Бұрынғы дәстүрлі ұғымдар мен түсініктер қазіргі адамның танымдық сұраныстарын толық қанағаттандырмайды.

Адамзат мәдени ортасын қалыптастыруда сана шешуші рөл атқарды. Сананың мүмкіндіктерін шексіз деп тану қазіргі мәдениеттегі белгілі бір аксиоматикаға айналған. Қоғамдық сананың бір формасы ретінде ғылым пайда болып, адамзат алдында тұрған түйткілдерді шешуге бағытталған әмбебап құралға айналды. Ғылыми таным болса, адамды жаңа объективтік қатынастар деңгейіне көтерді, алайда бұл даму желісі жаңа танымдық парадигмалар мен сыни рефлексияны қажет етіп отыр.

Қазіргі кезең - ғылыми таным дамуының жаңа сатысы. Бұл сатыны прогресс не регресс деп бағалау әлі ертерек, алайда оны философиялық тұрғыдан пайымдау қажеттігі анық. Осы мақалада ғылыми таным мен сананың өзара байланысына жаңа көзқараспен қарау ұсынылады. Бұл мәселе жақын болашақта ғылым мен философияның басты зерттеу нысандарына айналары сөзсіз.

Бүгінгі таңда «жасанды интеллект» ұғымы қиял немесе ғылыми фантастика емес, нақты өмірлік шындыққа айналды. Жасанды интеллекттің когнитивтік шындық ретіндегі танылуы сананы, оның пайда болуы мен функционалдық қызметі туралы көзқарастарымызды түбегейлі қайта пайымдауға мәжбүрлейді. Бұл трансформация терең әрі жүйелі сипатқа ие. Жасанды интеллектті тек құрал ретінде емес, сананың техногендік аналогы ретінде қарастыру уақыты келді. И. Кант танымға қатысты атап өткендей: «Таным біздің тәжірибемізбен басталады, бірақ ол тек тәжірибеден туындамайды»[1, 67 б.] деген пікірі де растайды.

Ғылыми таным адамзаттың ақыл-ойының тарихи эволюциясының нәтижесі ретінде қалыптасқан күрделі когнитивтік феномен. Ол тек объективті білім жинақтау құралы ғана емес, сонымен қатар шындықты ұғынудың бірегей тәсілі. Ғылым белгілі бір кезеңдегі дүниетанымдық парадигмаларды анықтайтын, мәдениеттің іргелі құрамдас бөлігі.

Ғылымның дамуында ерекше серпіліс әкелген кезең ғылыми-техникалық революция дәуірі болды. Бұл кезеңде адам күнделікті өмірдегі қайталанатын физикалық функциялардан босатылып, оларды технологиялық құралдарға жүктей бастады. Мұндай үдеріс, бір жағынан, адамзаттың өндірістік және әлеуметтік ортасын жетілдірсе, екінші жағынан, танымдық құрылымның да түрленуіне алып келді. Заманауи технологиялар адамның биологиялық мүмкіндіктерінен асып түсіп, таным процесіне жаңа агенттер ретінде араласа бастады.

Миллиондаған жылдарға созылған биологиялық эволюция мен мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан интеллектуалдық қабілеттер бүгінде алгоритмдер мен жасанды жүйелерге беріліп отыр. Адамның когнитивтік функцияларының бір бөлігін машиналар атқара бастауы, танымның табиғаты туралы сұрақтарды қайта көтерді: ғылым тек құрал ма, әлде өзі де таным субстанциясы ма? Бұл сұрақтар, қазіргі ғылыми парадигманың сынға ұшырауына негіз болуда.

Ғылым дәстүрлі түрде абсолютті ақиқатқа жетудің құралы ретінде қарастырылып келді. Алайда қазіргі жағдайда бұл көзқарас жеткіліксіз болып отыр. Ғылымды бұрынғыдай танымның жалғыз формасы ретінде қабылданбайды. Ол адамның сұраныстарын қанағаттандыратын қызметтік механизмге айналғандай көрінеді. Мұндай трансформация, әрине, ғылымның гуманистік-рухани негіздерін қайта қарастыру қажеттігін алға тартады.

Сонымен қатар, адам санасы қарапайым білімді қабылдаудан әлдеқайда терең қабілетке ие. Сананың мүмкіндігі танымның шекарасын кеңейтіп, оны тек рационалдық бейнелеу емес, сондай-ақ мәдени, онтологиялық және аксиологиялық мазмұнмен толықтыру. Демек, ғылым қазіргі заманғы

қоғамда танымның бір ғана формасы ретінде емес, көпқырлы когнитивтік жүйенің құрамдас элементі ретінде қарастырылуы тиіс. Ғылым мен философияның арасындағы шекара да өзгеріске ұшырап отыр. Егер философия ақиқатқа апаратын жолдарды талдаса, ғылым сол ақиқаттың эмпирикалық негіздерін іздейді. Бұл екі бағыт бір-бірін толықтырып, танымның кешенді бейнесін құрайды. Қазіргі жағдайда философиялық рефлексия ғылымның өз ішіндегі логикалық, эпистемологиялық және онтологиялық негіздерін пайымдау арқылы оның мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтайды.

Сондықтан, ғылым мен танымның эволюциясын тарихи-философиялық тұрғыдан талдау бүгінгі күннің өзекті міндеті. Бұл талдау бізге тек өткенді түсінуге емес, болашақтағы таным формаларын болжауға да мүмкіндік береді. О. Конт атап көрсеткен: «Ғылымды тек оның тарихи дамуын білу арқылы ғана түсінуге болады» [2, 82 б.].

Таным теориясында бірнеше басты философиялық бағыттар қалыптасқан, олардың ішінде эмпиризм мен рационализм ерекше орын алады. Эмпиризм таным процесінде тәжірибе мен бақылаудың рөлін баса көрсетеді. Бұл бағыт білімнің негізі тәжірибе мен қабылдау екеніне сүйенеді. Эмпирикалық түсінік бойынша біз қоршаған ортаны бақылау, тәжірибе жасау және сезімдік қабылдау арқылы білімге қол жеткіземіз. Дж. Локк бұл сенсуалистік бағдарды қысқаша былай сипаттады: «Ақыл-ойда бұрын сезімде болмаған ешнәрсе жоқ» [3, 2 б.], яғни барлық идеяларымыз түптеп келгенде сезімдік тәжірибеден шығатынын айтты.

Бақылау мен тәжірибе адамзаттың элем туралы түсінігін кеңейтіп, нақты жағдайлардан білім алу мүмкіндігін береді. Бұл үдеріс сезім мүшелері арқылы алынған ақпаратты қабылдап, талдау негізінде жүреді. Қайталап орын алатын тәжірибелер мен нақты бақылаулар адамға қоршаған ортаның қалай жұмыс істейтінін ұғынуға көмектеседі. Мұндай танымдық әрекет адамды бейімделуге, шешім қабылдауға және шындықты белгілі бір заңдылықтармен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Рационализм, керісінше, танымда ақыл мен логиканың шешуші рөл атқаратынын алға тартады. Бұл бағыт тәжірибеден бұрынғы, априорлық білімнің болуын мойындай отырып, адамның ақылы мен интуициясы арқылы объективті шындыққа қол жеткізуге болады деп есептейді. Рационалистік дәстүр білімнің көзі ретінде адамның туа біткен идеяларына, логикалық ойлау қабілетіне және ұтымды пайымдауына сүйенеді. Бұл көзқарастың негізін салған Р. Декарт өзінің философиясының алғашқы қағидасын: «Cogito, ergo sum» - «Мен ойлаймын, демек, мен бармын» деп тұжырымдап, барлық күмәндарды шектейтін түбірлік ақиқатты табуға ұмтылды [4, 127 б.]. Осылайша, рационализм мен эмпиризм таным процесіне әртүрлі қырынан қарайды: біріншісі ішкі ақыл-ой ресурстарына, екіншісі сыртқы тәжірибелік деректерге сүйенеді. Алайда танымның толық бейнесін қалыптастыру үшін бұл екі бағытты бір-біріне қарсы қоюдан гөрі, олардың өзара толықтырушы сипатын мойындау тиімдірек.

Таным теориясындағы конструктивизм, білім субъект пен оны қоршаған ортаның белсенді өзара әрекеттесуі арқылы қалыптасады деген көзқарасты білдіреді. Конструктивистік парадигмаға сәйкес, индивид сыртқы дүниеден ақпаратты жай ғана қабылдап қоймайды, оны өзінің тәжірибесі, қабылдау ерекшелігі мен ассоциациялар негізінде белсенді түрде құрастырады. Бұл бағыт білімнің қалыптасуын сыртқы ортамен өзара ықпалдастық нәтижесі ретінде қарастырады. Ж. Пиаже атап көрсеткендей, адамдық тәжірибе «шындықтың қарапайым көшірмесі емес, бірақ шындыққа бағытталған сол операциялардың қайта өндірілуі, ол әрқашан субъект тарапынан игерілуі керек» [5, 104-105 бб.]. Демек, білім, дайын күйде берілетін ақпарат емес, жеке тәжірибелік әрекеттерді белсенді түрде ұйымдастырудың нәтижесі.

Феноменология танымның трансцендентальды теориясы ретінде адамның субъективті тәжірибесін зерттеуге бағдарланған. Ойшыл Эдмунд Гуссерль негізін қалаған бұл бағыт, алдын ала берілген теориялық құрылымдарды айналып өтіп, сананың тікелей тәжірибесін сипаттауға ұмтылады. Феноменологияның мақсаты, сыртқы ықпалдарға тәуелсіз түрде, сананың құрылымын зерттеу арқылы әлемді қалай ұғатынымызды ашып көрсету. Осыған байланысты Э. Гуссерль бұл бағыттың мақсатын «Артқа, заттардың өздеріне!» деген ұранмен айқын сипаттады [6, 52 б.]. Ол теориялық алдын ала түсіндірулерден бас тартып, сананың тікелей тәжірибесін сипаттауға шақырды.

Таным теориясы аясында постмодернизм білімнің субъективті сипатта болатынын және оның әлеуметтік-мәдени контекстке тәуелді екенін атап көрсетеді. Осыған орай, шындық бірімәнді емес, ол әрбір тұлғаның тәжірибесіне, мәдени контекстке және тілдік құрылымдарға тәуелді. Француз философы Ж.-Ф. Лиотар постмодернді «метанарративтерге деген сенімсіздікпен» сипаттайды [7, 7 б.]. Бұл көзқарас объективті шындықтың бар екенін жоққа шығармай, әмбебап, барлығын қамтитын ірі түсіндіру жүйелеріне күмәнмен қарайды, шындық әрбір тұлғаның тәжірибесіне, мәдениетке және тілдік құрылымдарға қарай көпмағыналы болып келеді. Постмодернизм, сондай-ақ, білімнің салыстырмалы сипатын мойындай отырып, абсолютті ақиқат ұғымынан бас тартады.

Сонымен қатар, қазіргі философияда таным үдерісін түсіндіруде әртүрлі тәсілдерді біріктіруге тырысатын теориялар да бар. Мысалы, конструктивизм эмпирикалық және рационалдық элементтерді үйлестіруге бағытталған кешенді көзқарас.

Таным теориясында білімнің тәжербиелік маңызы мен қолданбалы сипатына назар аударатын көзқарас ретінде прагматизм бағыты ерекше. Бұл бағыт білімнің шынайылығы мен құндылығын оның өмірде қолдану мүмкіндігімен, тиімділігімен және тәжербиеде нәтижелілігімен бағаланады. Американдық философ Дж. Дьюи прагматизмнің мәнін былайша тұжырымдайды: «Дәстүрлі қоғамдардағы жинақталған білім ең болмағанда тәжербиеде қолданылады; ол мінезге қалыптасады және нақты қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты мәнге ие» [8, 9 б.]. Прагматиктер үшін ақиқат, қолдануға жарамдылықтың синонимі, ал идеяның құндылығы оны іс жүзінде сынаумен анықталады.

Сонымен қатар, таным процесіне әлеуметтік және мәдени ортаның әсерін ерекше атап көрсететін әлеуметтік-мәдени көзқарас бар. Бұл теория бойынша, адам танымы, тек жеке когнитивтік әрекет емес, сонымен қатар тарихи, мәдени және әлеуметтік факторлармен шартталған күрделі құрылым. Л. С. Выготский бұл көзқарастың мәнін бір сөйлеммен түйіндеген: «Баланың мәдени дамуындағы әрбір психикалық функция екі рет пайда болады: алдымен ұжымдық, әлеуметтік қызмет ретінде, содан кейін баланың ішкі ойлау тәсілі ретінде» [9, 145 б.]. Яғни, білімнің қалыптасуы тек субъект пен объект арасындағы қатынаспен ғана шектелмей, белгілі бір мәдени кеңістік пен әлеуметтік құрылымның ықпалында жүреді.

Эволюциялық гносеология когнитивтік механизмдердің дамуын биологиялық эволюцияның контекстінде қарастырады. Бұл бағыт танымдық қабілеттердің кездейсоқ пайда болмағанын, олар табиғи сұрыпталу және бейімделу үдерістерінің нәтижесінде қалыптасқанын алға тартады. Бұл бағытта Конрад Лоренц адамның танымдық аппаратын табиғи сұрыпталу мен бейімделу нәтижесі деп қарастырды: «Біздің сезім мүшелеріміз бен ойлау формаларымыз - ұзақ эволюцияның жемісі; олар сыртқы дүниенің құрылымына түрдің тірі қалуы мен ұрпақ жалғастыруы үшін қаншалықты қажет болса, дәл соншалықты бейімделген» [10, 22-23 бб.]. Басқаша айтқанда, білім алу қабілеті эволюциялық қажеттіліктермен тығыз байланысты, тіршілік иесінің қоршаған ортаға бейімделуінің бір формасы ретінде танылады.

Аталған теориялар танымның әртүрлі аспектілерін ашуға бағытталған және адамның әлем туралы білімді қалай игеретінін, оны қалай құрылымдайтынын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылым философиясы адамзат өркениетінің зияткерлік дамуының негізін құрайтын іргелі сала. Эмпиризм мен рационализм, конструктивизм мен феноменология, постмодерн, прагматизм мен эволюциялық гносеология сынды түрлі бағыттар таным процесін әр қырынан сипаттайды.

Қазіргі технологиялық дәуірде ғылым мен философия өзара тоғысып, жаңа танымдық парадигмаларға жол ашуда. Бұл өзгерістер таным табиғатын тарихи-философиялық тұрғыдан пайымдауды және жаңа теориялық үлгілерді қалыптастыруды қажет етеді. Ал егер осыған қоса, интеллекттің эволюциясы метафизикалық сұрақтарды емес, практикалық міндеттерді шешу қажеттілігінің негізінде жүзеге асқанын ескерсек, онда «таным деген не?» деген сұрақ әлі де ашық күйінде қалуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кант И. Критика чистого разума /пер. с нем. Н. О. Лосского; вступ. ст. и прим. Ц. Г. Арзаканяна, М. И. Иткина. - Москва: Наука, 1999. - 655 с. (Памятники философской мысли).
2. Кант И. Курс позитивной философии. Т. 1 / пер. с франц. - Репр. изд. 1899 г. - Москва: Либроком, 2009. - 526 с. (Классики науки).
3. Локк Дж. Опыт о человеческом разуме. - Москва: Мысль, 1985. - 736 с.
4. Декарт Р. Рассуждение о методе. - Москва: Наука, 1994. - 200 с.
5. Пиаже Ж. Психология интеллекта. - Москва: Прогресс, 1969. - 304 с.
6. Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии и феноменологической философии. - Москва: Дом интеллектуальной книги, 1999. - 432 с.
7. Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. - Санкт-Петербург: Алетейя, 1998.- 159 с.
8. Дьюи Дж. Демократия и образование. - М.: Педагогика-Пресс, 2000. - 384 с.
9. Выготский Л. С. История развития высших психических функций. - Москва: Педагогика, 1983. - 192 с.
10. Лоренц К. Обратная сторона зеркала: попытка естественно-исторического обоснования познания / пер. с нем. А. А. Фридмана, С. Д. Серебрякова; вступ. ст. Б. Ф. Поршнева. - М. : Прогресс, 1977. - 544 с.